Қолданбалы программаларды құру
және қолдану

ҚОСЫМША ПІШІНДЕРМЕН ЖҰМЫС

Borland® DELPHI 7

Delphi –де де қосымша Пішіндермен жұмыс істеуге мүмкіндік бар. Мұнда біз тұтынушымен сұхбат жүргізуге және қажетті ақпаратты қабылдауға және оны шығаруға мүмкіндік беретін қосымша пішіндерді оңай құра аламыз. Біз мұнда Delphi –дің негізгі пішініне қосымша бірнеше пішіндерді құрып үйренеміз.

Бағдарламаға **жаңа пішін енгізу** басты беттегі батырманы (New Form) басу арқылы, соған қоса тиісті командаларды: **File -» New -» Form** орындау арқылы жүзеге асырылады.



Пішін оның жұмысын сипаттайтын жаңа модульмен бірге құрылады. Оны **бағдарламадан жоюға** болады: ол үшін батырма бар және мына меню командасы: **Project -» Remove from project....** қолданылады. Пішін модульмен бірге құрылатындықтан, көрінген терезеден жойылуға тиісті модульді таңдау керек.





Project -» View Sourse командасын орындайық. Код редакторында (Бас терезенің коды бейнелетін пішіннің емес) жаңа астар пайда болады.





Мұнда Бас терезе көрінбейді, бірақ барлық жобаны басқарады және жалпы пішінсіз де жұмыс істей алады. Оған өз кодыңды орналастырып және Паскальдағы сияқты бағдарлама жазуымызға болады.

Delphi 7 - Project1
File Edit Search View Project Run Component Database Tools Window Help
Add to Project... Shift+F11
Remove from Project...
Import Type Library...
Add to Repository...
Languages
Add New Project...
Add Existing Project...
Compile Project1 Ctrl+F9
Build Project1
Syntax check Project1
Information for [none]
Compile All Projects
Build All Projects
Web Deployment Options...
Web Deploy
Options... Shift+Ctrl+F11
Object TreeView
Form1
Object Inspector
Properties Events
Пішіннің өздігінен жасалуын тоқтату үшін
Бас пішін
Өздігінен жасалатын пішіндер
Project Options for Project1.exe
Directories/Conditionals Version Info Packages
Forms Application Compiler Compiler Messages Linker
Main form: Form1
Auto-create forms:
Form1
Form2
Form3
Available forms:
Default
OK
Cancel
Help
Қол жетімді пішін

Сонымен Form1 Бас пішіні өзі жасалады, ал қосымша Form2 пішінін біз бағдарламада қажетіне қарай өзіміз құрамыз. Егер біз осы айтылғанды жасамаған болсақ, онда экранда жаңа пішін шығару үшін былай деп жазсақ жеткілікті :

```
Form2.Show; //  жай пішін үшін
Form2.ShowModal; // модальды пішін үшін
```

Егер біз қосымша пішіндерді қолжетімді түрге көшірген болсақ, онда осындай пішінді шақыру алдында, оның бар-жоқтығын былайша тексеру қажет:

```
    if (not Assigned(Form2)) then // Пішіннің
бар-//жоқтығын тексеру
    Form2:=Form2.Create(Self);// Пішінді құру
    Form2.Show; // (немесе Form2.ShowModal) //Пішінді
//көрсету
```

Енді жай пішінмен Модалды пішіннің айырмашылығын қарастырайық. Жай пішін экранда орналасқан барлық пішіндердің бірінен біріне еркін көшуге мүмкіндік береді.

Ал модалдық пішін оны шақырған сәтте жобаның пішіндері арасындағы көшуді жабады да, жабылғанша тек сол ашылған пішінмен ғана жұмыс істейсіз.



Form1 пішіні Unit 2 модулінде жарияланған Form2 пішінін шақырып тұр, бірақ ол пішін қолданылған модульдер тізімінде жоқ.

Оған қарамастан екінші пішінді шақыруға әрекет жасасаңыз, бағдарлама мынадай сауал шығарады

Сіз оны қосқыңыз келе ме?

Мұны директива **{$R *.dfm}** алдындағы модулдің басына мына бағдарлама үзігін **uses Unit2;**
қосу арқылы шешу керек. Негізінде мұны компиляция алдында «қолмен» қосуға да болар еді. Сонда сауал да болмайды. Бірақ соның қажеті бар ма?

Мұнда «Yes»» деп жауап қайтарып және F9 – ды басамыз.

Алдымен пішінге оны жабу операциясын енгіземіз. Мұны бірнеше тәсілмен істеуге болады. Батырманы алып, оған « Закрыть» деп жазып, сосын OnClick өңдеуішке былай жазамыз:

Form2.Close; // негізінде жай ғана Close;

Бұл оператор оны пішін менюінен шақырған кезде жұмыс істейді, әрине меню (StandardБұл оператор оны пішін менюінен шақырған кезде жұмыс істейді, әрине меню (Standard астарындағы MainMenu компоненті) оған енгізілген жағдайда .
Бұл туралы алда әңгімелейтін боламыз.

Бізге енді модальды пішінге жататын пішіндердің жабылу тәсілдерін қарастыруымыз керек. Оның сұхбат жасауға арналған терезелерінде сұрақтарға жауап беруді қажет етеді.

Ол үшін пішінге мына : «Иә», «Жоқ» «Болдырмау» және т.б жауаптарға сәйкес батырмаларды орналастыру қажет. Әр батырманың **mrYes, mrNo, mrCansel** және басқа мәндерге ие **ModalResult** қасиеті бар. Мұнда таңдалған батырманың ModalResult мәні пішіннің осы қасиетіне беріледі. Бұл қасиет объектілер инспекторынан көруге болатын пішін қасиетінің тізімінде жоқ, бірақ оны бағдарламалық түрде таба аламыз. («Form2» деп жазып нүкте қой, сосын шыққан тізімнен ізде)

ModalResult қасиетінің mrNone мәнінен бөлек мәні бар батырмасын бассақ (тіпті батырмада өңдеуші болмаса да) ол пішіннің жабылуына әкеледі. Осыдан кейін пішіннің осы қасиетін таңдау арқылы, тұтынушының қойылған сұраққа қандай жауап бергенін анықтауға болады:

```
procedure
Tform1.Button1Click(Sender: Tobject
);
begin
Form2.ShowModal;
if Form2.ModalResult=mrYes then //
Бұл  оператор Form2 //жабылған соң
ғана қолжетімді болады
  Form1.Caption:='Тұтынушы оң
жауап берді!';
end;
```

☝ Осы мысалдан көріп отырғанымыздай, бір пішіннен басқа пішіннің қасиеттеріне , сол сияқты олардың компоненттеріне қатынас жасау үшін сол пішіннің аты көрсетілуі қажет екен. Оған қоса біз оның жұмысын сипаттайтын модулде қолданылатын мәліметтерге де қол жеткізе аламыз. Ол үшін де модулдің аты көрсетілуі қажет. Мысалы, **Unit2** модуліндегі X айнымалымына қатынас жасау үшін:

Unit2.X деп жазамыз.

2. AlfaBlend қасиеті (объектінің тұнықтығы)

Көбінесе бағдарламада пішінді жабу сәтінде белгілі бір операциялар орындалуы тиіс. Ол пішіннің **OnClose** оқиға өңдеуішінде жасалады. Ал енді пішінді жабуды болдырмауды қарастырайық. Осы мақсатта **OnCloseQuery** оқиға өңдеуішін қолдануға болады. Ол өңдеуіштегі **CanClose** логикалық айнымалысының қабылдайтын мәніне байланысты. Пішін **CanClose:=True;** мәнін қабылдағанда ғана жабылады.

Егер біз мынадай код жазсақ:

```
procedure Tform1.FormCloseQuery(Sender: Tobject; var CanClose:
Boolean);
begin
  CanClose:=False;
end;
```

онда тұтынушы бағдарламаны тіпті де жаба алмайды, тек оны Windows-тың Міндеттер Диспетчерін/Диспетчер задач/ қолданып қана орындай алады.

Сабақ қорытындысы:

Бұл сабақта біз Borland Delphi программалау жүйесінде пішіндермен жұмыс істеуді қарастырдық.